

«М.А. Гендельманның 110 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 19» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 19», посвященной 110 - летию М.А. Гендельмана» - 2023.- Т.І, Ч.ІІІ.- Б. 111-116.

**ӘОЖ 821.51**

## **АҚБІЛЕК РОМАНЫНДАҒЫ ӘЙЕЛДЕР БЕЙНЕСІ**

Оразбекова М.С.

Қазақ тілі және әдебиет пәні оқытушысы

Жоғары Қазақ-Түрік гуманитарлық -технологиялық колледжі

Алматы қ.

«Романдағы әйелдер бейнесін еске алғанда, Ақбілектің жақын, жақсы көретін жеңгесі – Ұрқия жақсылыққа жаны құмар, мейірімді жан. «Бар айыбы – пұшпағы қанаған жоқ, әйтпесе жібі түзу әйел». Мамырбайдың бәйбішесі дүниеден қайтқанда да, Ақбілектің ақ солдаттары жұртында қалып, Іскендір дуана арқылы еліне келген соң жанашыры да, сырлас – мұндасы да Ұрқия болды. Қайын сіңлісінің бақытты болғанын қалаған Ұрқия оны Бекболатпен де кездестіреді. Баласын бауырына басып, тәрбие де береді. Бұл реттен алғанда – Ұрқия жаңалық, жақсылықты өзгенің басына тілеуді, өзі соның жылу-шапағатымен өмір сүргенді қалайтын, әрі оның үстіне адалдығы мен адамгершілігі мол, қиындық-қиналыста жол табатын бедерлі бейне ретінде есте қалады» [13, 20 б.].

Басты кейіпкер Ақбілек өлім аузынан аман қалды. Қызыл көз қасқыр жүз, қабылан азу, қара түнді Алтай аңғарынан үркіткелі, қорғасын аспанға алтын айдай Күнікей сұлуды өрмелеткелі, күншығыс ұжымағы қызыл қақпасын ашқанда, Ақбілек артына алақ-алақ етіп жолға шықты. Белінде – түндіктің бауы, етегі – ышқырында, қолында – түндегі сойылша. Кімді ұрып жығатынын кім білсін, әйтеуір ала шықты.

Қасиетті табиғат та оған қол ұшын беріп, серік болды: «Аспанның күн жақ туырлығы ақшыл тартып, тау бастары алтын жалатқандай күлімдеп келеді. Таң ата жел де тынды, бұлттар да ыдырады. Өлкеден ұшқан бозторғай тау ығының деңгейінде қанаттарын қалшитып, Күнікей сұлуды мадақтап, тау-тастан беташар сұрады. Бозторғай-ау, көрімдікті Ақбілектен сұрасайшы. Ақбілек алтын сақинасын атып тастағалы келеді ғой. Оның жүзінде нұр бар ғой. Ол көретін жарық күн бар ғой! Ұзақ түнгі топты қасқырмен арпалысқанын заматта ұмытып, шоңқайма кебісінің жез нәлі тастан тасқа шықылдап, қашқан киіктей қаздаңдап барады ғой!

Ақбілек ә дегеннен асуға тартты. Асумен асып елге бара жатқан, елден мал, азық-түлік алып келе жатқан орыстарды талай көрген. Осы тар асудан басқа бұл жақтан шығатын жолдың жоғын білген. Арты – елсіз тау, тау толған жау: аю, қасқыр, қабан. Алды – тар асу, асу асты тағы жау: кешегілер

алдынан қарсы шығып қалмасына кім кепіл. Енді Ақбілек қаздаңдамай кім қаздаңдасын. «Енді есен-аманында ел шетін көрсем-ау» деп ұйқы, тамақты, шаршағанды ойына алмай, көңілі алып ұшып, ентелей басып еңтігіп келеді. Күн таудан найза бойы көтерілгенде Ақбілек алқынып бір кезеңге шығып еді. Алды бұлдырмақ дала екен. Аулына келгендей қуанып кетті. Қанаты болса ұшып кетер еді, әттең шіркін!»

Шығармада автор суды да өте шебер сомдаған: «Бір қырдан асқанда көлденең созылған сай килікті... Құдай жарылқады! Өзен, өзен! Арғы қабақта жол жатыр. Ел жақын ғой! Ақбілек ақтық күшін салып, аяғын тезірек басты. Ағыны тас домалатқан тасты сайдың тар өзені екен. Жадағайлау бір жеріне келіп, шапанын, камзолын шешіп, көйлекшеңденіп, білегін түрініп, жуынды, су ішті. Су жиегінде бірталай отырды. «Су ағады да жатады, ағады да жатады, бір таусылуы жоқ, қатерді өлімді білмейді. Еш нәрсені сезбейді. Мен ішсем де бұған бәрібір – жақсыға да, жаманға да сусын болады. Құдайдың бұл да бір құдіреті-ау! Мейірімі-ау! Оны біз білмейміз-ау!» деген ойларға келді...»

Сол жағында бір жарлауыт көрінді. Ақбілек көп ойланбай-ақ камзолын киіп, шапанын жамылып, түндіктің бауы мен сойылшасын сүйретіп, солай қарай жүрді. Ол белеске шығып еді, ар жағы одан да биіктеу адырсымақ екен. Ақбілек жан-жағын барлап, жер болжады. Алды, беті – ашық, арты – кенере тау. Ақбілектің ауылы осынау кенере таудың түбінде. Шығыста емес, құбыла жақта, өйткені артындағы таулар өз тауларына ұқсамайды, сонау бір көлденең таулар мен тұтасып кетіпті. Ендеше, таудан онша алыстамай құбыла жаққа қарай таумен жарыса жүру керек. Ақбілек соны ойлады да, белестен асып, жадағайлау ылдиден аяңдай берді.

Жүсіпбек Аймауытұлы тылсым даланы да керемет бейнелеген: «Адыр-адыр елсіз дала. Бозғыл көде, кербетеге, тобылғы беткей, тобөшік, обашық, қызыл құмайт, шөптесін шүмейт. Қоғыр тышқан, ала сауысқан, ор қоян, бозторғай – осыдан басқа көзге түсер қара-құра жоқ. Даланың көркі ел екен-ау! Елсіз дала емсіз жарадай көрінеді. Малшы байғұстар неғып іші пыспай жүреді екен?.. Ай, қу дала! Қу далаларда жалғыз жаяу бір мұңдық».

«Психологизм в искусстве слова – эта не только его эмоционально-чувственное начало, то что принято называть «заразительностью», или имманентным, родовым его свойством, психологизм в творчестве большего художника – это всегда целостное, проявляющее себя и в содержании, и в форме произведения, явления; в нем прежде всего отражается вся глубина мысли автора о человеке, вся система нравственных, этических, социально-психологических критериев определения его общественной ценности» [16, 19 с.].

«Сар далада сары уайым жабылып, Ақбілек келеді толарсағы бұлтылдап. Тышқан аулап күйкентай жүр қыранымсып шынқылдап. Өне алыста безек қағып, бір бозторғай тұр шырылдап, бейне әуеге шегелеулі тұрғандай, бір орыннан тапжылмайды қанаттары дірілдеп. Сол торғайдың шырылдағаны ащы тиді құлаққа, өзгелерден үні өзгеше, не болды екен бейбаққа? Сол торғайдың маңайында жаны ашыған арашашы жандарша,

төрт-бес торғай айнала ұшып, таяу-таяу бара түсіп, ап кетуге тас қорғанды бұза алмаған ерлерше тиіп-қашып өтіп жатыр о жаққа бір, бұл жаққа».

Ақбілектің бозторғайды жыланнан құтқаруы оның батылдығын аңғартады. Оны автор былай деп бейнелейді: «Бір мезгілде әлгі торғай жансыз тастай ағып түсті топ етіп. Ол торғайдың түскен жері қалың шөп. Көз айырмай қарап келеді Ақбілек. Әлгі торғай қалың шөпке түсті де, қалбаландап, далбаландап, шыр-шыр етіп, олай-былай шоршиды. Бұл байғұсқа не болды? – деп жетіп келсе қасына – қалың шөпте жатыр екен білектей бір сұр жылан. Сұр жыланның найза басы қақшиған, бейне ажал, алмас көзі бозторғайға шұқшиған, айыр тілін жалаң-жалаң еткізіп, торғай сорды топылдатып, қылқ еткелі тұр екен. Сұр жыланның атып шыққан оқ көзінен көз айырап бозторғайда дәрмен жоқ, қарбаландап, ыршып түсіп тұмсығына тиер тимес елбелектеп жүр екен. Бір «ап!» десе біткені ғой жұмысы. Торғай қашан аузына кеп түскенше, оқты көзін қадап қойып, айыр тілін жалақтатып жатады екен сұм жылан. Бозторғайды аяп кетті Ақбілек. Сұр жыланды сойылшамен салды келіп қақ бастан. Жауыз басы астына кеп, солаң ете дүрс етті. Торғай сорлы есеңгіреп қалған екен: жылжып тұрып жер бауырлап, аспанға бірақ ұшты. Тулап жатқан жыланды Ақбілек табандап тағы екі ұрды да, жөніне жүре берді. Соны ойлағанда Ақбілек: «Менің кімге жазығым бар еді» деп тағы да ойлады. Өзін торғайға, өзіне қастық қылғандарды жыланға теңеді. Торғайдың жауын мен өлтірдім, менің жауымды да біреу өлтіреді екен деп, бұл оқиғаны өзінше жақсылыққа жорыды».

Жүсіпбек Аймауытұлының «Ақбілек» романы тұңғыш рет 1927 ж. «Әйел теңдігі» журналында жарияланды. Шығарманың жариялануына ұзақ уақыт бойы тыйым салынып келді. Ал орыс тілінде тек 2007 жылы жарық көрді. Не себепті бұлай болды? Қарапайым қазақ қызының тағдыры сол кездегі қоғамда өмір сүрген «әдебиет ақсақалдарына» несімен жақпады? Ал бүгінгі күні неліктен өзекті тақырыпқа айналды?

Сурет өнерінде әр қаламгер, қаламынан туған дүниесін өзінше пайымдайды. Сол сияқты Ж.Аймауытұлы та «Ақбілек» романын жаза отырып, басты кейіпкер бейнесін сомдауда оның образына сүйсінген тәрізді. Оның тылсым бейнесін үлкен махаббатпен суреттеген. Романның алғашқы жолдарында Ақбілек бейнесі былайша сомдалған: «Мамырбайдың Ақбілегі, Ақбілегі – жас түлегі, айы-күні – сұлу қызы, алтын сырға, күміс шолпы сылдыратып, былдыратып, ақ көйлегін көлеңдетіп...»

Сұлулыққа жаны үйір халқымыз ғасырлар бойы ерге адал жар, сенімді серік болар қыз баланың сымбаты мен келбеті, мінезі мен ақылы, тәрбиесі мен өнегесі қандай болу керектігі жөнінде дәстүрлі талғамы мен өлшемін қалыптастырған. Көнеден желісі үзілмеген халық ауыз әдебиеті мен жазба нұсқаларда бойжеткен қыз: «Сұңғақ бойлы, сыңғырлаған дауысты, оймақ ауыз, күлім көзді, жайдары мінезді, алма мойын, ақша бетті, ақ аршын төсті, тал шыбықтай бұралған бұраң белді, сүмбіл шашты, керілген ақ маңдайлы, сүйріктей ақсаусақты, сүрме қасты, ұзын кірпікті, ақ білек, жаржан тісті, қыр мұрынды т.б.» сөз суреттерімен сомдаған ғой... Осы тұрғыдан Жүсіпбектің

Ақбілек қайғысына ортақтасқан толғанысы аса мәнді. Ол қыз намысын халықтың қалай қорғағанын, қыз балаға тән ар-ұятты аяққа баспауға, адалдыққа үйреткенін атап көрсетеді. Міне, Ж.Аймауытұлы романында да осы мәселе сөз болады.

Романның екінші бөлімі «Қайғы» оның атастырылған жігіті – Бекболат пен ағасы – Төлегенге арналады. Бекболат Ақбілекті ауруханада жатып есіне алады: «Мен, міне, құдайдық жарық күнін көрдім, жазылдым. Ол осы күнде не күйде екен? Әлде тұтқында екі көзі жаудырап, жасын бұлап жүр? Әлде орыстар өлтіріп тастады? Әлде бір сары орыспен құшақтасып отыр? Әлде бәрі жабылып...» деп ойлайды. Бұл жолы да Ақбілекті ойламайын десе де, кең дала, еркін сайран өмір еске түскенде, Ақбілек те еріксіз сол сұлу өмірдің гүліндей жылтырап, көзіне іліне береді. Бекболат алғаш көргенін ойына алады: «Маңдайы қасқып, мойны қаздып, көзі мөлдіреп, ерні үлбіреп, үріп ауызға салғандай жұтынып тұр еді-ау! Тал бойында бір міні жоқ, жаңа шығып келе жатқан сүйріктей еді. Шашбауын сылдыр еткізіп, сып етіп түре келгені, тізесімен ақ көйлегін серпе тастап, аяңшыл бедеудей кербездене аяқ басқаны, тысқарыда жүріп жеңгесімен сыбырлап сөйлесіп, дауысы күмістей сыңғырлап тәп-тәтті күлгені, әнтек жымыып келіп шай жасап өп-өтірік сызылғансып, үш саусағының ұшымен шыныаяқ әпергені, салалы қою кірпігін салмақпен қағып, анда-санда көз астымен бір қарап қалғаны, мұның шыныаяғына білдірмей бір қант тастап жібергені...» - бәрі-бәрі Бекболаттың есінде қалыпты.

Төлегенмен біз алғаш рет Бекболат емделіп жатқан ауруханада кездесеміз. Төлеген жайымен Бекболат кейінірек, жазылып шығып соның үйіне келгенде толығырақ танысады. Бұл кезде біз оның қалада тәп-тәуір тұратынын, «продком» кеңесінде істейтінін, үйіне қажет ағаш бұйымдарды қазынадан алғанын, өз пайдасын ұмытпайтын, бастығына жағына білетін, ешкіммен айтысып тартыспай, ептеп күн көретін адам екенін көреміз.

Аймауытұлы – тамаша қаламгер. Жазушы романындағы табиғат та шығарма оқиғаларымен астасып жатады. Шығармадағы табиғат – кейіпкерлердің бірі іспеттес. Пейзаждың көркемдік қызметі жайлы ғалым Б.Майтанов былай деп ой қорытады: «Көркем шығармада табиғат барша объективті болмысымен суреттелген күнде де, адам өмірінен алатын рухани-эстетикалық мәнімен бірлікте бейнеленбек. Кейіпкер психологиясында белең беретін сан қилы эмоционалдық құбылыстар оның қоршаған әлемге көзқарасы, нақты бір кезең, сәттегі экспрессивті жан толқыныстары арқырлы неғұрлым толымды өрнектелетіні дау тудырмаса керек» [17, 34 б.].

Мәселен, «Ақбілек» романында автор табиғатты былай деп суреттейді: «Марқакөлді алқалаған – ақ ауылды Алтай елі. Алтай елі, Алтай жазы, тау еркесі киік болып, өзге елдерден биік болып, Марқа көлдің самалында сайран етіп жатқаны», - деп, әсем көрініске бас иеді.

Автор бас кейіпкердің басына түскен қайғысын табиғатпен байланыстырып былайша сипаттайды: «Ұйытқып соққан ызылдақ жел. Ай жоқ. Қараңғылық қоюланып келеді. Сабаған жүндей түйдектелген, шыңылтыр сұрғылт бұлттар тоғытқан қойдай шоғырмақтанып, тауға қақпақ

болатындай, тауды тұншықтыратындай, аш тауықша селдір жұлдыз тарыларын бір-бірлеп қылқып жатыр. Жұлдыздармен бірге үміт сәулелері де бір-бірлеп батып бара жатқандай. Ақбілектің сұм жүрегі әлденені сезгендей болады. Екі көзі жалт-жұлт етіп, Қара мұрттың бетіне қарай береді...»

Жазушымен бірге біз табиғат құпияларымен сырласамыз: «Ол кезде ызғырығы ызылдап, сабалақ қара бұлттан түн жамылған күздің көзсіз қара түні ақ бас Алтайдың үстіне қара бурадай шөгіп, сай-салаға бауырын төсеп, дүние қараутып келе жатыр еді. Көк жүзінде жайылып жатқан жұлдыз, қойларын көздеп тұратын шопан атасындай – жау көргенде зым-зия жоғалыпты. Саялдық қара бұлттар-ау! Ақбілектің жанын тұншықтырған қара тұман аз болды дедіндер ме, үстіне мұнша төнгенше, анау асқар таулардың басына төнсендерші! Күздің сарғыш жапырақтары-ау! Кімді әлдилеп, сыбырлап тұрсыңдар! Қалың бұтаның, қайғысыз, қамсыз бөденелері-ау! Несіне қара түнді жаңғырықтырып тұрсыңдар? Сұлудың жүрегін жанышқан ауыр шерді сендер сейілтем дейсіңдер ме? Қанатын қаршыға күйретіп, қикайған қостың алдында бір қолымен жер таянып, аспанға қарап отырған сұқсырдың налыған зарын тәңірісіне жеткізем дейсіңдер ме?! Бұлттар-ау, серпілмейсіңдер ме?! Жапырақтар-ау, сытырлап жерге төгілгенше, шерлі сұлуға сая болсаңдаршы! Ызғырық-ау, ызылдағанша, жапанда жалғыз қалған баланың әкесіне хабар берсеңдерші! Ой, мейірімсіз шіркіндер-ай! Сендердің тілдеріңді Алтайдың жаралы аруы білмейді ғой! Сендердің қас қабағыңа қараймын, сендерге еркелеймін деп есіл сұлу мұндай күйге ұшырады ғой! Жел мен бұлттың Алласына сенем деп сенделіп қалды ғой!...»

Қаламгер шығармасында жануарлар әлемін де әсерлі етіп суреттеген. Қорғансыз қыздың қасқырлармен шайқасуын мына эпизодтан көреміз: «Түн түнерді. Ақбілек үрейленді. Төбесінен бір топ шүрегей өтеді. Ақбілек дір етеді. Бір мезгілде орман жақтан бір үрейлі дауыс шыққан секілденді. Ақбілек елегізи бастады. Манадан бері жалмауыздай көріп отырған үңірейген қосқа жалма-жан кіріп кетті. Ауылда қой күзетіп жүргенде, қасқырдың ұлығанын әлденеше рет естіген: әлгі дауыс соған ұқсайды. Апырмай-ай! Қасқыр келер ме?.. Онда қайтем? Қой, келмес, қоста кісі бар деп ойлар, қорқар, қостың айбыны бар ғой... Әлде манағылардың кетіп қалғанын олар да білді ме? Олар барда қасқырдың дауысы естілмеуші еді ғой... Қостың есігінен ептеп сығалайды. Қараңғыда бірдеңе қараң еткендей болады. Бірақ дыбыс білінбейді. «Қорыққанға қос көрінген» шығар деп жориды. Өзіне қайрат бергісі келеді, оған да болмайды. Ұлыған дауыс анық толастап бара жатады да, тағы да естіледі. Бара-бара ұлу молайды. Тауды күңіретіп өзге дыбыстың бәрін басып кетеді. Ақбілектің қолы өзінен-өзі қостың бір сырығын суырып алады. Құлаш төс жарардай қайың сойылша, сойылшаны қос қолдап бауырына таман қысып қояды, бір ұшы қостың сыртында. Қасқыр келсе қару қылмақшы. Ұлыған дауыстар саябырлаған тәрізденеді. Сойылшасын жерге сұлатып салып, Ақбілек азырақ бой тоқтатты, бірақ онысы ұзаққа бармады. Бұлақ жақтан су сылдырлағандай болды...

Бұ немене?.. Адам ба? Аң ба?.. Кім болса да қатерлі Ақбілек сойылына тағы жармасты. Демін ішіне тартып, сілейіп қалды.

Кешікпей-ақ қара түнде қаз қатар, дөп-дөңгелек екі көз пайда бола кетті. Екеуі де қып-қызыл, жайнаған от. Ақбілек атып түрегеліп, қостың түкпіріне бұғып отыра қалды.

Әйтсе де байыз таба алмады, сойылы қостың аузында қап қойыпты. Ақырын еңбектеп, қостың аузынан қолын созып, жерді сипалап жатып сығалап еді, екі от төртеу болды. Сөйткенше болмады, олардың артын ала көлденеңнен екі қызыл көз тағы өте шықты. Алты от Ақбілекке алпыс оттай көрінді. Қараңғы түн қаптаған қызыл көз болды да кетті.

Оттар бір жылт етіп, бір сөніп, елбелектеп, таянып келе жатқан тәрізді.

Ойлағаны келді ме?.. Мінеки, шөпті сыбдырлатып келіп қалды.

Әне, қараң ете түсті... Ойбай-ай! Бір топ қасқыр!

- Енді қай жаққа барайын?

Ал, міне, қостың төңірегін сыбдырлатып, жер тіміскілеп жүр...

Ой, жасаған-ай! Тауып алар ма екен?.. Ойпырым-ай! Әнебіреуі отбасында сүйекті қытырлатып кемірді.

Мынаны көріп, Ақбілектің не жаны шықпай отыр десейші!..

Ақбілек үнін шығаруға мұршасы келмей, өлген кісідей отырған жерінде сіресіп қалды.

Әлден уақытта арсалаңдап бір аш қасқыр Ақбілек отырған қостың аузына келіп қалды. Ақбілектің жан дауысы түнді тіліп жібергендей шыр ете түсті, қасқыр біткен жарық беріп, көздері жалт етіп, тістері сақ етіп, окшырайып тұра қалды. Қасқырлар ырсылдап, күрілдесіп, бураша шабынып тұрып алды. Ақбілек қасқырлардың қарсы шабатынын білгендей жалма-жан жан ұшырып, қостан атып шығып «қараңғыда көзім жоқ...» деген балаша айнала дөңгеленіп, айғайды салып, ағашын сермей берді... Анда-санда арсұрс еткен дауыс шығады. Қасқырға тиді ме, қосқа тиді ме, әйтеуір ағашы кейде бірдемеңе тигендей қолы сүйсініп қалады. Қасқыр одан жаман өршеленеді. Ақбілек жан ұшыра сермейді. Қасқыр қамалайды. Ақбілек сабалайды, қасқыр абалайды. Ақбілек «аллалайды», қасқыр долданады, Ақбілек дөңгелейді... Қасқыр күркілдейді... Ақбілек шырылдайды, қасқыр қырқырайды, Ақбілек шырқырайды... Сөйтіп, Ақбілек көп қасқырмен көп соғысты... «Енді жығылдым ғой, енді талайды ғой, енді ауызды салды ғой, енді жеді ғой...» деген кезде, Ақбілектің аяғы астынан бірдеңе жылт ете түсті. Қасқырлар жалт берді. Манағы, іңірде шай қайнатқан оттың көзі әлі сөне қоймаған екен. Ақбілек аласұрып жүргенде аяғымен шашып жіберген екен. Қасқырлар отты көріп жалт берген екен. Қасқырдың оттан қорқатыны Ақбілектің есіне сап ете түсті.

Ақбілек от басындағы тезекті, қураған шөпті дереу тұтатып үрлеп жіберді. «Менің керегім жаңа болған жоқ па дегендей жел де қошаметкейленіп, жалынды лап ете түсірді. Жалын қалай шықты, солай қасқырлардың қарасы өше берді. «Өлмегенге өлі киік» деген осы да. От сөніп қалса, Ақбілектің өмірі де сөнетін еді. Отты тапқан адамның анасынан айналсаң болмас па? «Заула, отым, заула! Мазда, отым, мазда! Қорқақ аңдар,

тілсіз жаулар! Қаш, маңыма жолама! Күйдіремін, өртеймін!» - дегендей Ақбілек от тәңірге сыйынып, таң атқанша маздатып, жаны аман қалды. Өлім аузынан құтылдым-ау деп туған ауылына келгенде Ақбілекті мұнан да ауыр кезең күтіп тұр еді. Бұл жөнінде Р. Нұрғали былай баяндайды: «Бандының зорлық-зомбылығы артта қалды, дегенмен нағыз тозақ оты алдынан кесе көлденең шығып, ауылдағы өсек-аяңның кесірінен елдің бетіне қараудан қалды. Бұның барлығы оның жанын жегідей жеді». Автор Ақбілектің ойын былайша жеткізген: «Осы арам деміммен, арам аузыммен әкемнің иманды жүзіне қалай жақындармын, қайтіп оны арамдармын?! Құдайдан қорықпай, оның құтты қадам мешітті үйіне қалай кіремін? Кәпір сүйген, аймалаған аяғыммен жайнамаз салатын жерін қалай денем шімірікпей басармын? Кәпірді құшақтаған арам қолымды қайтіп әкемнің адал дастарқанына апарып, қайтіп бір табақтан ас ішемін?» - деп ойлайды, қиналады, күйзеледі. Ия, бұл сияқты Ақбілектің аянышты халі әрбір адамның жанын ауыртпай қоймайды. Не себепті еріксіз біреудің құрбанына айналған әйел өзін кінәлі сезінуі тиіс? Автор мұны ашық көрсете білген.

### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қирабаев С. Жүсіпбек Аймауытов //Қазақ әдебиеті., 1988, 23 желтоқсан.
2. Байзақов И. Алтай аясында //»Әдебиет майданы» журналы. – 1934. - №1, 2, 5, 6.
3. Байзақов И. Құралай сұлу //»Қызыл Қазақстан» газеті – 1925. – №2
4. Байзақов И. Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 1983. Т.2. – 348 б.
5. Жұмағалиев З. Шындық және көркем әдебиет. – Қарағанды, ҚарМУ
6. Исмакова А. Казахская художественная проза. Поэтик, жанр, стиль (начало XX века и современность). – Алматы: Ғылым, 1998. – 394 с.
7. Әбдікова Қ. Ж. Аймауытов романдарындағы тұлға концепциясы. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация авторефераты. – Алматы, 1997. – 24 б.
8. Зейнуллина А. Жүсіпбек Аймауытұлының қазақ романын қалыптастырудағы рөлі. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация авторефераты. – Алматы, 1998. – 25 б.
9. Майтанов Б. «Ақбілек» - психологиялық роман // Жұлдыз. – 1992. – №10. – Б.190-197.
10. Пірәлиева Г.Ж. Аймауытов прозасындағы психологизм мәселелері./ Кітапта: Қайта оралған қаламгер: (Халқымыздың көрнекті қоғам

қайраткері, ғалым, жазушы Жүсіпбек Аймауытұлына арналады) /Құраст. В.Қ.Күзембаева. Орталық ғылыми кітапхана. – Алматы, 2003. – 279 б.

11. Жарылғапов Ж. Қазақ прозасы: ағымдар мен әдістер: Монография. – Қарағанды: ЖШС «Гласир», 2009. – 400 б.

Тұрысбек Р. Ұлттық проза және «Ақбілек» әлемі («Ақбілек» романының жазылу-жариялану тарихы мен көркемдік-эстетикалық құндылықтары) /Кіт.: Жүсіпбек Аймауытов: Библиографиялық көрсеткіш. Жусупбек Аймаутов: Библиографический указатель / С. Торайғы ров атындағы ОӘҒК. ООУНБ им. С. Торайғырова. – Павлодар: ЭКО, 2011. – 164